

2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 24 наурыздағы № А-80 қаулысы. Ақмола облысы Аршалы ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 1 сәуірде № 1-4-186 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 5 маусымдағы № А-233 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 05.06.2012 № А-233 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 қаулысына сәйкес, Аршалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтар, 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында «Аршалы ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің әскерге шақыру учаскесіне кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуы ұйымдастырылсын және қ а м т а м а с ы з е т і л с і н .

2. Аудандық шақыру комиссиясының құрамы 1 қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақырылуын өткізу кестесі 2 қосымшаға сәйкес

б е к і т і л с і н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Аршалы ауданы әкімінің орынбасары
Б. Т. Ақшинеевқа жүктелсін.

5. Аршалы ауданы әкімдігінің осы қаулысы Аршалы ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аршалы ауданының әкімі Маржықпаев Е.

«КЕЛІСІЛДІ»

«Ақмола облысы Аршалы ауданының
Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы НүркеевР.

«Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі Ақмола
облысының ішкі істер департаменті
«Аршалы ауданының ішкі істер бөлімі»
Мемлекеттік мекемесінің бастығы Б.Саханов

«Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы
жанындағы «Аршалы орталық аудандық
ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорыны бас дәрігері В.Биджиев

Аршалы ауданы әкімдігінің
2011 жылғы 24 наурыздағы

№ А-80 қаулысына 1 қосымша

Аудандық шақыру комиссиясының құрамы

Нүркеев Рахмет Сыздыкович	«Ақмола облысы Аршалы ауданының Қорғаныс істері жөнін бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басты шақыру комиссиясының төрағасы
Ахметов Балықбай Әуесханович	«Аршалы ауданының дене шынықтыру және спорт бөлі мемлекеттік мекемесінің бастығы, шақыру комиссия төрағасының орынбасары
Комиссия мүшелері:	
Ералиев Бейбит Татибаевич	«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ақм облысының ішкі істер департаменті «Аршалы ауданының і істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары
Сембиев Сандыбек Курманғалиевич	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанында Аршалы орталық аудандық ауруханасы» мемлекетт коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері медициналық комиссия төрайымы
	Ақмола облысы денсаулық са басқармасы жанындағы «Аршалы аудандық ауруханас

Баймұлдина Алия Муратбековна

мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының
эндокринолог -
медициналық бикесі, шақыру комиссиясының хатшысы

Аршалы

ауданы

Әкімдігінің

2011

жылғы

24

наурыздағы

№ А-80 қаулысына 2 қосымша

**2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында
мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыруды өткізу
КЕСТЕСІ**

№ р/с	Әкімшілік - аумақтық бірліктің атауы	Шақыруды өткізу күні																			
		Сәуір					Мамыр				Маусым			Қазан					Қа- раша		Желтоқс
		1	4	6	7	21	5	6	12	13	1	6	8	3	4	6	12	13	3	10	5
1	Аршалы кенті	20		10			20	10		15			24	20						23	
2	Арнасай ауылдық округі												23				23				
3	Жібек жолы ауылдық округі		30										31				44				
4	Турген ауылдық округі			20									15				22				
5	Анар селолық округі							20					5	24			24				
6	Ақбұлақ селолық округі				26															15	
7	Бірсуат селолық округі				24															18	
8	Бұлақсай ауылдық округі	30															23				
9	Волгодонов селолық округі		20													17					
10	Ижев селолық округі					30							15								26
11	Константинов селолық округі					20			20	34										21	
12	Михайлов селолық округі			20			27								30						
13	Сараба селолық округі							20	27								19				
	Барлығы	50	50	50	50	50	47	50	47	49	46	43	48	50	40	44	46	42	44	33	26

